



Соңы. Басы 1-бетте

4 МЫҢНАН АСТАМ ІРІ ҚАРА ҚОЛДАН ҰРЫҚТАНДЫРЫЛҒАН



КЕЗДЕСУ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БҰҚАРАНЫҢ ІСІ

Айдана ҚУАТОВА



Жемқорлық жайлап, адал еңбек етпеген елдің ертеңі бұлыңғыр. Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикалық дамуын тежеп, түрлі салалардың өркендеуіне кедергі келтіреді. Қоғам үшін қауіпті дертті болдырмау мен оны түптамасымен жоюдың тетігі – халықтың өзінде. Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес қарқынды жүргізіліп, қылмыстық әрекетке барғандарға қатысты заң қатаңдатылуда.

Осыған орай ауданымызға ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жамбыл облысы бойынша департаменті Превенция басқармасының бас маманы Айбек Әжібаев келіп, қауіпті дерттің қоғамды жайламауы үшін профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бас маманның айтуынша, жазалағаннан гөрі, жемқорлыққа қатысты іс-әрекеттің алдын алған абзал.

Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінен бастау алған басқосу аудандық орталық емхана мен бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығында жалғасты. Білім саласы қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиында сөз алған Айбек Итқараұлы сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнамаға енген өзгерістер туралы айтып, жемқорлықты жоюға бағытталған іс-қимылдар жайлы баяндады. «Еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру жолындағы ең басты қауіп-қатерлерінің бірі сыбайлас жемқорлық екені



барлығына белгілі. Сондықтанда оны болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шара жоспарланып, жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігіне орасан зор нұқсан келтіріп қана қоймай, нарықтық экономиканың дамуына залалын тигізеді. Сол себепті онымен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына айналған. Соңғы 3 жылда облыс бойынша білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қатысты 12 қылмыс орын алған. 2026 жылға дейін мектепте парасаттылық пен адалдыққа тәрбиелейтін арнайы пән енгізу жоспарланып отыр. Енгізілген жаңа заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасаған адам өмір бойына мемлекеттік және бюджеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айырылады. Дүниенің дәмін

татырып, соны тек өкініш пен қылмыстық жауапкершілікке әкелетін кеселмен күресу – әрбіріміздің азаматтық парызымыз», – деп қауіпті дертпен күресуді әркім өзінен бастауы керек екенін айтып өтті.

Бұл жиынға Zoom қосымшасы арқылы ауданға қарасты мектептер де қатысып отырды. Денсаулық пен спорт саласының мамандарын адалдықтың қазығынан ажырап қалған қанағатсыздардың қатарынан болмай, адал еңбек етуге шақырған Айбек Итқараұлы сөзінің соңын пара алу мен пара беру фактісі бойынша істі болғандар жайлы түсірілген бейнероликпен түйіндеді. Жиналыс қорытындысында қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Жиынға аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қанат Серік қатысып отырды.

ЖОМАРТ ТҮЛЕК



Қолға алынған «Жомарт түлек» жобасы бүгінде түлеп ұшқан түлектерді мектепке қайта қадам бастырып отыр. Мектеп бітіргеніне көп уақыт өткен азаматтар тарыдай келіп, таудай болып шыққан білім ошағына сыйлықтар мен ұстаздарына құрмет көрсетуді әдетке айналдырған. Түлектердің бұл ісі өскелең ұрпақтың санасына сәуле түсіріп, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктің ерен үлгісін қалыптастыруда.

МЕКТЕП МАҚТАНЫШТАРЫ ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ



Жуырда Айшабибі орта мектебінде ауылдың үздік кәсіпкерлері, білім ордасының түлектері Сәкен Шермәтұлы, Таирбек Анаркүлұлы, Қанат Оразбекұлымен кездесу өткізіліп, оған мектеп директоры Бахыт Шертаева мен жоғарғы сыныптың оқушылары қатысты.

Басқосуда кәсіпкерлер ауыл шаруашылығын өркендету мақсатында жүргізген іс-тәжірибелері жайында ой бөлісіп, оқушылармен командаға бөлініп, ойындар ойнады. «Егер де мен...» айдарында мектеп түлектері оқушылармен бірге бизнес жоспарларды көпшілік назарына ұсынса, «Менің қиялымдағы бизнес» тарауында білім алушылардың қиялына шектеу қойылмай өз идеяларын ортаға салуға мүмкіндік берілді. Кәсіпкер түлектер оқушылардың ынта-жігеріне ризашылық білдіріп, ақыл-кеңестерін берді.

Кездесу соңында мектеп ұжымы түлектерге алғыстарын білдіріп, естелік суретке түссе, кәсіпкерлер білім ордасына әкелген сый-сияпаттарын тарту етті.

Рахат Е.ЛЕМАНОВА,
Айшабибі орта мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЖОМАРТ ТҮЛЕКТЕР ГРОДЕКОВОДА БАС ҚОСТЫ



Жыл өткен сайын білім ошағынан түлеп ұшқан түлектер өмірден орнын тауып, ел дамуына үлесін қосуда. Облысымызда қолға алынған «Жомарт түлек» жобасының арқасында түрлі салада еңбек етіп жүрген әрбір түлек сүйікті мектебімен қауышып, білім алған ұясын, өскен өңірін түлетуге үлес қосуы – құттарлық іс.

Гродеково орта мектебінде «Жомарт түлек» жобасы аясында 1983 жылғы түлектердің қатысуымен «Туған жерге туынды тік» форумы өтті. Аталған білім ошағын бітіріп, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етіп, табасқа жеткен тұлғалардың өмір жолын өскелең ұрпаққа насихаттау, өңір тумаларын туған өлкесінің әлеуметтік мәселелерін шешуге тарту мақсатында ұйымдастырылған кешті мектеп директоры Гүлсара Абдирова ашып, білім ошағының жетістіктеріне тоқталды. Мұндай кездесудің өсіп келе жатқан жас ұрпаққа беретін пайдасы зор екендігін айтты.

Кездесудің «Сыр сұхбат» бөлімінде 8-11-сынып оқушылары 40 жыл бұрын түлеп ұшқан түлектерге көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, емін-еркін пікір алмасты. Өз кезегінде қонақтар кәсіптері, мамандық тандаудағы үлгі тұтқан тұлғалары жөнінде сыр шертіп, қызықты оқиғаларымен бөлісті.

Өнерлі оқушылардың концерттік бағдарламасы қонақтар назарына ұсынылды. Күмбірлеген күй, әулетте шырылған ән, мың бұралған бишілердің өнері шараның ажарын аша түсті.

Гродековоның мәрт азаматтары жыл сайын «Туған жер», «Мектепке тағзым», «Жомарт түлек» жобалары шеңберінде мектепке қолдау көрсетіп, демеушілік жасап келеді. Мектепті бітірген 10 жылдық, 20 жылдық, 30 жылдық, 40 жылдық түлектердің атқарған игі істері өскелең ұрпаққа өнеге етуге тұрарлықтай. Соның бірі, 1983 жылғы түлектер білім ошағына ақыл-ойдың спортына айналған екі шахмат тактасын сыйлап, қажетті жабдықтармен қамтыды.

Кеш соңында мектеп директоры Гүлсара Мәмбетәліқызы жомарт жүректі түлектерді Алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен марапаттап, ел игілігі жолындағы еңбектеріне табыс тіледі.

Сан салада ел дамуына сүбелі үлес қосып жүрген түлектер мұндай келелі кездесуге шақырту алғанда қуанғанын, алтын ұясын сағынышпен еске алатынын жеткізді. Ең ыстық кезеңді қайта саналарында жаңғыртып, түлектердің басын қосқаны үшін алғыс білдіріп, идеялары мен ұсыныстарын ортаға салды. Мектеп оқушылары жомарт түлектермен естелікке суретке түсті.

«Шұғыла»-ақпарат

Соңы. Басы 1-бетте

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУҒА БАСА НАЗАР АУДАРЫЛДА



Қазір қай саланы алып қарасақ та, білімді және қабілеті жоғары жастар нәтижелі еңбек етіп жүр. Осы тұрғыда ерекше маңызды мәселе – ол мамандық алып келген жастарды жұмыспен қамту. Жыл басына барлық ауылдық округте әдрестік жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздардың нақты саны анықталды. Ендігі кезекте сол жастарды жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тарту міндеті тұр. Міндеттердің қатарына жастарды бос жұмыс орындарына, ақылы қоғамдық жұмысқа, әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар тәжірибесіне, жастарға шағын несие, грант беру шаралары бар.

2023 жылы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына 294 жас тартылды. Оның ішінде вакантты бос жұмыс орнына – 52 жас, жастар практикасына – 39, әлеуметтік жұмыс орнына – 7 және ақылы қоғамдыққа – 94, алғашқы жұмыс

орнына – 2, кәсіпкерлік негіздерін оқуға 100 жас жолданған. Қайтарымсыз грант алуға кәсіпкерлік негіздері бойынша 1186 жас оқудан өтіп, оның ішінде 204 жас грантка ие болды.

Ал, НЕЕТ санатындағы жастардың үлесі 2022 жылдың I тоқсанында 1462 адамды құрады. Ағымдағы жылы аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» қызметкерлері өңірге қарасты ауылдық округтерде «НЕЕТ» санатындағы 2448 жасты анықтап, әдрестік жұмыстар жүргізді.

«Жасыл ел» еңбек жасағына жұмыссыз, студент және НЕЕТ санатындағы жастар маусымдық жұмыстарға тартылды. Биыл осы бағдарламаға 7 млн теңге қаралып, сәуір айында 55 жас Өрнек, Ерназар, Қаратөбе, Қарой ауылдарында жұмыс жасаса, 45 жасты жұмыспен қамту мамыр айына жоспарланған.

Өңірде мемлекеттік жастар саясатын жүзеге

асыру барысында іс-шаралар өз деңгейінде өткізілуде. Атап айтқанда, ауған соғысы ардагерлерімен кездесулер өтіп, олардың құрметіне ересектер арасында баскетбол және жасөспірімдер арасында кіші футбол турнирі тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, Алғыс айту күніне орай «Жан жылуы» акциясы аясында әлеуметтік жағдайы төмен, асыраушысынан айырылған, көпбалалы 17 отбасыға әлеуметтік сыйқалта табысталды. Ақция шеңберінде жастар аудандық ардагерлер үйінің, емхананың, полиция бөлімінің ауласына сенбіліктер жүргізді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туының авторы Шәкен Ниязбековтің туғанына 85 жыл толуына орай аудан әкімінің кубогі үшін 2005-2008 жылы туылған жастар арасында көкпардан тартысты турнир өткізілді. Сонымен қатар күні кеше жастар арасында ауданға қарасты Бұрылтау қыратында жартасқа өрмелеуден облыстық турнир өтті.

Отанды қорғау, ең алдымен, ер азаматтардың міндеті. Қазақстан Республикасын қорғау, оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті деп Ата Заңда көрсетілген. Осы бір мағыналы ұғымды өскелең ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсіру керек. Өскерге шақырту алатын жас буынның санасында ең бірінші ұлттық мүддені қорғау, Отанды сүю және әрбір отбасының амандығын күзету дейтін түсінік болуы шарт. Жас ұрпақты туған елін, қасиетті жерін, оның баға жетпес құндылықтарын сүюге тәрбиелеу басты ұстаным болып қала береді.

Тәуелсіздіктен тәліммен тағылым алған өскелең ұрпаққа, бастамашылы әрі белсенді жастарға қолдау білдіруге мен әркез дайынмын. Жастар ұйымдастырған және олардың қатысуымен өткен мәдени көпшілік іс-шараларына, танымдық кештерге, акциялар мен отырыстарға, спорттық турнирлерге өзін баруға уақыт бөлемін. Елдің ертенін қалыптастырып, тізгінді қолға алуға ұмтылып жүрген кейінгі толқын да өзіне артылған жауапкершіліктің жүгін сезініп, алға ұмтылуы қажет.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ



Сейдахмет ШЫНЫБЕКОВ,
аудандық аурухананың
бас дәрігері.

ТҮРҒЫНДАРҒА 35 ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ НЫСАНЫ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

«Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» Ұлттық жобасы аясында статистика баскармасының соңғы деректеріне сәйкес ауданда 87634 адамға 35 денсаулық сақтау нысаны қызмет көрсетуде. Ауданда 1 аудандық аурухана, 1 аудандық емхана, 1 бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы, 14 дәрігерлік амбулатория, 15 медициналық пункт, 3 фельдшерлік-акушерлік пункт тұрғындар игілігіне жарап тұр.

ЕКІ ЖЫЛДА 8 МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ САЛУ ЖОСПАРЛАНУДА

Жыл өткен сайын денсаулық сақтау нысандарының саны артып келеді. Өткен жылдың соңында Қаракөмер дәрігерлік амбулаториясының жаңа ғимараты қолданысқа берілсе, Қызылқайнар, Айшабиді дәрігерлік амбулатория пункттері күрделі жөндеу жұмыстарынан өтті.

Биыл Өрнек ауылдық амбулаториясына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ Аса ауылындағы аудандық орталық ауруханадан бөлек орналасқан жұппалы аурулар бөлімінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу бойынша жобалық-сметалық құжаттамалары толықтай дайындалып, мемлекеттік сараптама қорытындысының шешімін алу мақсатында жұмыстар атқарылады.

Шайқорық ауылында 2022 жылы дәрігерлік амбулаторияның құрылысы басталып, жыл соңына



дейін қолданысқа беру жоспарлануда. Жобаның құны 219 млн теңгені құрайды. Аудан орталығынан шалғай орналасқан Жаңаөткел ауылында 105 млн теңгеге медициналық пункт ғимаратының құрылысы басталып, биыл ел игілігіне беру көзделуде. 2024 жылы Тоғызтарау, Қостөбе, Қаратау, 2025 жылы Күмтіын, Шоқай, Бәйтерек, 2026 жылы Қоңыртөбе және Қапал ауылдарында медициналық пункт ғимараттарының құрылысын бастау жоспарға енгізіліп отыр. Жоғарыда аталған 2024-2026 жылдардағы медициналық пункт ғимараттарының құрылыстарына қажетті құжаттар толықтай дайындалып, облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасына тапсырылды.

ҮШ ЖЫЛДА 16 МАМАН КЕЛДІ

Аудандық орталық ауруханада жас мамандарды қолдау жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Жас мамандарды тұрақтандыру мақсатында соңғы үш жылда жергілікті бюджет есебінен 16 маманға 800 мың теңге көтерме ақы, 1500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде республикалық бюджеттен жеңілдетілген несиесі, 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы беру және коммуналдық қызметтерге арналған

«Дені саудың – тәні сау» деп бекерден-бекер айтылмаған. Дені сау ұлттың болашағы баянды, денсаулығы мықты болады. Бұл өз кезегінде ұрпақтың келешегіне де үлкен әсерін тигізеді. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елдегі денсаулық сақтау саласына айрықша тоқталған болатын. Ел Президенті денсаулық сақтау саласында біраз реформа жүргізілгенін, дегенмен, әлі де кешенді жұмыстар қажет екенін, жылдар бойы қордаланған түйткілдер кезек-кезеңімен жүйелі жолға қойылып келе жатқанын айтып өтті. Әрине, тұрғындардың денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру ортақ міндет болып табылады. Бұл бағыттағы жұмыстар өңірімізде қолға алынған.

шығындарды өтеуге көмек берілуде. Мамандарды ауыл-аймаққа тарту жұмыстары өз жалғасын таба беретін болады.

ЖЫЛЖЫМАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕШЕН – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Басқарма тарапынан берілген медициналық-жылжымалы кешен бүгінде ауыл-аймақ



тұрғындарына көп пайдасын тигізуде. Биыл барлығы 24 елді мекенді қамту жоспарланса, өткен жылы 26 ауылға кешен арнайы барып, жұртшылықтың денсаулық жайын тексерді. Бүгінде жоспарланған 9951 адамның 2722-сі медициналық тексерумен қамтылды. Оның ішінде 1485 диагностикалық зерттеулер, 1237 бейінді мамандардың консультациясы көрсетілді. Тұрғындарды тексеру барысында 67 науқас анықталып, қажетті ем-дом қолданылды.

аурухана бойынша тәулік бойы медициналық қызмет көрсететін 115 кереует қоры бар. Оның ішінде терапия бөліміне 17, хирургия бөліміне 22, инфекциялық бөлімге 20, балалар бөліміне 28, босану бөліміне 18, мейірбикелік күтім бөліміне 10 орын тиесілі.

2023 жылдың 3 айында медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейі 88,5 пайызды құрап отыр.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша жеке және заңды тұлғалардан барлығы 7 өтініш-арыз тіркеліп, заң талаптарына сәйкес орындалды

САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН АЗАМАТТАР САНЫ АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Жалпы аудан бойынша бүгінгі таңда 13640 азамат сақтандырылмаған. Соның ішінде NULL және басқа да санат бойынша (яғни еңбек жасындағы жұмыссыз азаматтар және денсаулық жағдайына байланысты емдеу мекемелеріне қайырылмаған азаматтар) 9290 адам. Құрылған жұмыс тобы мүшелерімен жыл басынан 6301 сақтандырылмаған азаматтар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жыл басынан облыстық МӘМС қорының Жамбыл облыстық директоры филиалының орынбасарымен 3 ауылдық округте сақтандырылмаған азаматтарға түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде ағымдағы жылдың 10 сәуіріне яғни сақтандырылмаған азаматтар саны 158-ге азайды.

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ОРТАЛЫҒЫН АШУ ЖОСПАРЛАНУДА

Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында «ДамуMed» медициналық ақпараттық жүйесі енгізілді. Қамтылу пайызы – 100 пайыз. Сонымен қатар бұл жүйеде ауданда рентгенологиялық кескіндерді науқастың электронды паспортна жүктеуіне арналған PACS жүйесі қосылған.

2021 жылдың қыркүйек айында облыста 3 үздік тәжірибе орталығының бірі ауданымызда ашылды. Ағымдағы жылдың 1 жартыжылдығында Айшабиді дәрігерлік амбулаториясын үздік тәжірибе орталығының филиалы ретінде ашу жоспарлануда.

НАУҚАСТЫҢ АЯҚТАН ТҮРҒАНҒА ДЕЙІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ

Денсаулық – қателікті кешірмейтін сала. Адам баласының Алладан кейінгі үміті ақ халаттылар екені белгілі. Біз әрбір медицина қызметкерлерімен бірге өткізген кеңесте осы бір қағиданы жиі еске салып, жұмысқа аса жауапкершілікпен қарауды міндеттеп келеміз. Әрбір тұрғынның дәрігерге артқан сенімі мен айтқан алғысы медицина саласы қызметкерлеріне демеу бола бермек. Біз әрқашан науқас жанның аяқтан тік тұрғанға дейін бар күш-жігерімізді, біліктілігімізді сала беретін боламыз.

сақтау температурасын қадағаламау; ас даярлайтын адамның қолдарында іріңді жаралар мен жаракаттың болуы; ыдыс, құрал-жабдықтардың тазартылуында санитариялық-дезинфекциялық тәртіптің сақталмауы; азық-түлікті сақтау және тасымалдау ережесінің бұзылуы – осының барлығы адамды улануға итермелейді. Сондықтан жоғарыда айтылған клиникалық белгілер пайда болса, дәрігерге барыңыз немесе жедел жәрдем шақырыңыз.

Азық-түлікті сатып алу кезінде азық-түліктің жарамдылық мерзімін тексеріп, мерзімі өткен өнімді сатып алмағаныңыз абзал.

Нұрсара БАЗАРБЕКОВА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ – МІНДЕТ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл індет мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын кесел болғандықтан, оның алдын алу жұмыстарына баса мән берген жөн. Ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп-қатер төндіретін індетпен күресуде қоғамның барлық күш-жігерін біріктіру қажет.

ХАЛЫҚ КҮШІН БІРІКТІРГЕН ЖӨН



«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, әрбір адам құқықтық сауаттылығын алға тартып, мұндай келеңсіз әрекеттерден аулақ болғаны дұрыс. Біз қазір дамыған елдер қатарынан орын алып отырған шақта экономикамыздың алға қарыштауына, әлеуетіміздің өркендеуіне, идеологиямыздың дамуына айтарлықтай зиянын тигізетін бұл жат қылықтың бой көрсетуіне жол бермеуіміз керек. Кез келген халықтың өсу динамикасына кесірін тигізіп жатқан жемқорлық пен паракорлық дертіне тосқауыл қоюымыз қажет.

Осы мақсатта ұлттық сараптама орталығы аудандық бөлімшесінің басшысы Талғат Бөлекбаевтың ұйымдастыруымен мекеме қызметкерлерімен жиын өтті. Басқосуда мамандар қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, жалған сөйлеу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу, паракорлыққа делдал болу секілді қитұрқы әрекеттерге жол бермеу керектігі жөнінде ой қозғап, пікір алмасты. Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында мекемеде арнайы бұрыш жасалып, «сенім телефоны» құрылғанын айтқан бөлім басшысы әрбір маман өз жұмысына жауапкершілікпен қарау керектігін сөз етті.

Гүлжамал СЕЙТҚАСЫМОВА,
«Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы аудандық бөлімшесінің маманы.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

ҚОҒАМНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІСІ

Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың өсуі. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасының рөлі зор. Осындай келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін жеткіншектерге дұрыс құқықтық тәрбие мен сапалы білім беруіміз керек.

Құқықтық тәрбие дегеніміз не? Ол – құқықтық білім беру. Осы арқылы жасөспірім заңды, оның талаптарын, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ұғынады да дүниетанымы қалыптасып, дамиды. Аталған белгілер оқушыларды құқықтық тәрбиелеу негізінде отбасынан және мектеп табалдырығынан бастап жүзеге асады.

Нұрсейіт СӘДІР,
Ерназар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман-іс жүргізушісі.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ



**Жамбыл ауданының
2023 жылғы қаңтар-сәуір айларындағы
әлеуметтік-экономикалық
дамуы**

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындыларын есепке алғанда 2023 жылғы 1 сәуірге Жамбыл ауданының халық саны 87985 адамды құрады.

Ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен негізінен шаруа қожалықтары мен жұртшылық шаруашылықтары айналысады. Есепті мерзім ішінде төрт түліктің барлық түрінің өнімдерін қоса есептегенде 1685,4 тонна ет (сойыс салмақта), 11291,4 тонна сүт, 20823 мың дана жұмыртқа өндіріліп, өткен жылғы сәйкес кезеңдегімен салыстырғанда 137,7 тонна ет, 117,5 тонна сүт артық, 3623 мың дана жұмыртқа кем өндірілді. Мал басы өз төлдері есебінен көбейту арқылы мүйізді ірі қара мал саны 59164 басқа, қой 340103 басқа, ешкі 20477 басқа, жылқы 24962 басқа, түйе 53 басқа, үй құстары 457834 басқа жетіп, өткен жылғы есепті мерзімдегімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 2421 басқа, қой 18047 басқа, ешкі 1757 басқа, жылқы 1262 басқа көбейіп, үй құстары 65042 басқа, түйе 13 басқа азайған.

2023 жылғы қаңтар-сәуір айларында өнеркәсіп кәсіпорындарымен (шағын кәсіпорындар, қосалқы өндіріс және үй шаруашылықтары қосқанда) 8432472 мың теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді. Өнеркәсіптік өндірістің индексі 2022 жылғы сәйкес кезеңге 102,1 пайызды құрады.

Аудан бойынша қантар-сәуір айларында негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 4699881 мың теңгені, пайдалануға берілген тұрғын үй 26084 шаршы метрді, құрылыс жұмыстарының көлемі 2125595 мың теңгені құрады.

Есепті мерзім ішінде ауданда бөлшек сауданың көлемі 4693332 мың теңгені құрап, оның ішінде азық-түлік тауарлары 478396 мың теңгеге, азық-түлік емес тауарлар 4214936 мың теңгеге сатылды.

ТАМАҚТАН УЛАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Сапасы бұзылған тағамдарды пайдалану әлі де болса кездесуде. Азық-түлікке ауру тудыратын микробтар түсуі салдарынан адам тамақтан уланады. Тамақтан улану – ауру адамнан сау адамға жұқпайтын, белгілі микроорганизмдердің тірі қоздырғыштары немесе олардың тіршілік өнімдерімен (токсиндері) зарарланған асты тұтынумен байланысты, организмнің әлсіз не айқын улану белгілерімен өтетін ауру.

Тамақтан уланудың белгілеріне құсу, лоқсу, іш аймағының ауыруы, іштің өтуі (ботулизм кезінде іштің қатуы байқалуы мүмкін), дене қызуының көтерілуі, әлсіздіктің пайда болуы жатады.

Ал тамақтан улануға себепші болатын факторларға ет, балық өнімдерін қатай термиялық өңдеусіз пайдалану жатады. Сонымен қатар жарамдылық мерзімі өткен дайын тағамдар мен тез бұзылатын өнімдерді қолдану; ас дайындауда жеткіліксіз жылумен өңдеу және дұрыс салқындатпау; дайын астың



СЕМИНАР

ТЕРРОРИЗМ – ТАТУЛЫҚТЫҢ ЖАУЫ

Терроризм – адамзатқа үрей туғызатын қауіпті құбылыс. Экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеуімен сипатталады. Өзінің қауіпті тәжірибесінде экстремизм терроризммен тығыз байланыста. Терроризмге және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты.



АЙТЫС

Жыр алыбын жырға қосты

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Апта аралығында аудандық мәдениет үйі «Жамбыл – менің жай атым, халық – менің шын атым» атты аудандық жас ақындарды іріктеу айтысын ұйымдастырды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақсаттық бағдарламасының «Дәстүр мен ғұрып» жобасы шеңберінде өткен сөз сайысына 10 дарынды өрен қатысып, өзара жұптасып айтысты.

Айтулы шараның шымылдығы облысқа белгілі жас айтыскер ақын Елібек Нұрмаханбетов пен республикаға танымал айтыскер ақын қыз Алина Айдаралының үлгі айтысымен түрілді. Кос талант ізінен ерген өрендерге үлгі көрсетіп, сөз сайысының тамаша үлгісін паш етті. Өнердегі аға-әпкелерінің айтысымен шабыттанған Жанболат Бақытұлы Әнел Айдаралиевамен, Ернар Ерланұлы Нұрай Бектаймен, Әзизхан Бердалы Нұрдина Оразбаймен, Бақдәулет Ораз Ерасыл Әдібекпен, Еділ Сансызбай Аят Бәтеймен жұп құрап, жыр алыбы Жамбылды жырларына қосып,



сырлы, сұлу сөздерімен көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Жамбыл өңірінің айтыскерлері Жамбыл ақынды пір тұтатынын, оның отты жылдары қазақ руханиятының саркылмас алтын қазынасы әрі мұрасы екенін өлең жолдары арқылы жеткізді.

Жас ақындар айтысын қорытындылаған аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Тоғанбаева мен аудандық ақындар мектебінің жетекшісі Айтмұханбет Исаков ешкімді бөліп-жармай, барлық қатысушыларды Алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен марапаттады.

Соңы. Басы 1-бетте

ГЕНЕРАЛ-МАЙОР МІРТАЕВҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Жиында сөз алған аудан басшысы: – Дәл қазір бұрынырақта 8 бірдей Социалистік Еңбек Ері шыққан киелі мекен – Ернарар ауылында керемет бір кездесу өтіп жатыр. Осы жердің төл перзенті, ауыл мектебін бітіріп, талабына қанат байлап, әскери оқуға аттанған, бүгінде генерал-майор Нұрбол Сәбденбекұлы Міртаев ортамызға келіп отыр. Туған топыраққа табаны тиген азаматымызға айтар сөзіміз аз емес. Нұреке, мұндағы қоныр тіршілік кешкен тілекші ағайын сізді көріп балаша масайрап отырған жайы бар. Сіздің сонау тоқсаныншы жылдары басталған әскери еңбек жолыңыз әлі күнге алтын жіппен жалғанып жатыр. Қатардағы курсанттан генералға дейінгі ұзақ жолда Отанға сіңірген қалтқысыз қызметіңізді жерлестеріңіз жақсы біледі. Мәскеуде және Қазақстанның бірнеше қаласында жауапты да лауазымды қызметтер атқарып, бүгінде «Орталық» өңірлік қолбасшылығы командирінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясының штаб бастығы қызметіңізді жүргеніңізден де хабардармыз. Ел тәуелсіздігі мен жер тұтастығын, тыныштығымыз бен берекелі тұрмысымызды қырағы күзетіп, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айыбын мен абыройын біз жақсы бағамдай аламыз. Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайту, халық игілігі мен бейбіт өмірді қорғау жолында жүрген сардарларымыз қандай

құрметке де лайық. Кейінгі ұрпақ ел қорғаған азаматтардың ержүрек істерінен өнеге алып өсіп келеді. Осындай сардарлар мен сарбаздарға басшылық жасап отырған өзіңіздей генералға ықыласымыз ерекше. Біз, мына жиналған жұртшылық және бүкіл өңір халқы сізді мақтан етеміз, өскелең ұрпағымыз сізге қарап бой түзесе дейміз. Ұзақ жылғы әскери қызметіңіз үшін мемлекет берген марапаттардың арасында туған жер халқының сізге деген жылы жүрегi, ыстық ілтипаты, шынайы тілегі және шексіз ризашылығы бар деп біліңіз. Туған жер – қасиетті қара шаңыраққа қош келдіңіз, Нұрбол Сәбденбекұлы! Зор қажыр-қайраттың, қарым-қабілеттің, саркылмас қайсарлық пен мықты денсаулықтың арқасында тағы да бііктерден көріне беріңіз. Елде отырып біз қуанайық. Ерлік пен жауынгерліктің, патриотизм мен қаһармандықтың нышанын өзіңіздей аптал азаматтардан көрейік. Әрдайым аман-саулықта жүздесейік. Бүгінгі кездесуіміздің мақсаты, жастарды туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін күшейтіп, жас ұрпақты тәрбиелеп, олардың өз елінің батырларымен танысып, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру болып табылады. Ел мен жердің, ұлт пен ұлыстың тағдыры шешілер тұста, жұдырықтай жұмылып, білектей бірігіп, анадан адал сүт емген ұлдар ұран шақырып, жұрт намысын қамшылап,

«толарсақтан саз кешіп» сынға түскен. Сын сағатта елге қорған болған батырлар жігері жасып, қанды қырғыннан қаймығып, есегіреп қалған елдің еңсесін көтерген. Қалғып бара жатқан рухтың қайта оянуына себепкер болған. Бүгінгі кездесуімізден жастарымыз жігерленіп, жұрт дегенде жұмылып, ел дегенде егіліп туған топырағымыз үшін аянбай тер төгеді деп сенеміз. Ортамызда Нұрбол Сәбденбекұлындай батыр азаматтардың бары бүгінгі жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыратына сенімдімін. Жеңісті де жемісті күндерде жолыққанша төрт көзіміз түгел болсын, – деген Ерлан Қыдыралыұлы генерал-майордың анасына және өзіне зерлі шапан жауып құрмет көрсетті. Генерал-майормен бірге өскен құрдастары да сый-сияпат табыс етті.

Өз кезегінде Нұрбол Сәбденбекұлы елеспескерген басшылар мен ауыл азаматтарына алғысын білдіріп, ұлттық мінез, патриоттық туралы салмақты сөз сөйледі.

Сондай-ақ кездесуде аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары «Алға, қазақ жігіттері», «Дей салдым-ай», «Туған жер», «Кел, ауылға», «Ауылдастарым», «Маралдым», «Көк тудың желбірегені» әнін шырқап, көрермен көңілін көтерді.

Ақжігіт ЖЕТПІСБАЙ, аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

Ақын – көп тікеннің ішіндегі қайың, көп қуаныш ішіндегі уайым арқалаған тұлға. Сөздің қадір-қасиетін жете түсінген халқымыз ақындарды ерекше құрметтеген.

ТОҒЫЗТАРАУДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

Айдана ҚУАТОВА

Таяуда Тоғызтарау ауылының кітапханашысы Ақайша Жұмабекованың ұйымдастыруымен ауылдық клубта Қазақстан жазушылар, Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, ақын, жазушы Шаяхмет Құсайынұлымен кездесу кеші өткізілді. «Жырлайды жүрек» атты кездесуге Т.Токтаров атындағы орта мектеп ұстаздары, оқушылары мен кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы, ақын, жазушы, өз туындылары 30-ға жуық өлеңдер, поэмалар, дастандар жинағы мен романдар мен әңгімелерді, осып түсер сыни мақалаларды қамтыған кітаптардың авторы Шаяхмет Құсайынұлы – Ішкі істер органының Құрметті ардагері. Бір басына сан түрлі өнерді тоғыстырған дарынды тұлғаның өнегелі өмір жолы мен насихат пен даналыққа толы шығармаларын өскелең ұрпаққа үлгі етіп, таныстыру мақсатында кітапханашы Ақайша Жұмабекова Шаяхмет ақынның Тоғызтарауға жолы түскенін біле салысымен, оқырмандарына руханы азық сыйлау әрі «сегіз қырлы, бір сырлы» жанды үлгі ету, көркем дүниелерін насихаттау үшін кездесу кешін өткізген.

Кеш шымылдығын Тоғызтарау ауылдық округінің әкімі Нұрәділ Төлеков ашты. Ақын қатысушыларға өмір жолы, туындыларының шығу тарихы жайлы айтып, «Атам қазақ», «Өлең өрім», атты кітаптарынан шығармаларын оқып берді. Одан соң Ақайша Оразбекқызы ақынның тәлім-тәрбиеге толы «Бала туралы ойлар» өлеңін оқыды. Мектеп ұстаздары Арайлым Төрегаева, тарих пәнінің мұғалімі Тәуекел Жұмабеков ақынның өмірі мен шығармашылығын арқау еткен ғылыми жоба жазуды жоспарлап отырғандарын жеткізді. Келелі кездесуден алған әсерімен бөлісіп, шабыттанған Шаяхмет Құсайынұлы ауылдың әсем табиғаты мен тұрғындарына ризашылығын білдіріп Тоғызтарау ауылына арнауын паш етті. Көпшілік тағылымды кешке қонақ болған ақынға ризашылықтарын білдіріп, жылы лебіздерін жеткізді.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

КЕСЕЛ КЕСІРІН ТИГІЗБЕСІН

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Кеселмен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып тұр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды.

Біз қазір жанаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Оған қоса шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Оның бірі – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да бар, дегенмен жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың келеңсіз әрекетке қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғышарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз отарсын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу – біздің басты міндетіміз.

Осы орайда халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Біздің қоғамда бұл жат әрекетке орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалын қолдану арқылы ғана түбегейлі қарсы тұруға болады.

М. ЕЛЕУСІЗОВА, аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы.

ŞŪĞYLA RADUGA МЕНШІК ИЕСІ: «Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы» ЖШС ДИРЕКТОР Назгүл ДӘУЛЕТАЛДИНА Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240	Бас редактор Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87766213155 Бас редактордың орынбасары: Бөлім басшысы: Тілшілер: Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177 Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395 Ақжігіт ЖЕТПІСБАЙ 87054436425 Жәнібек АСАНОВ 87071126364 Айдана ҚУАТОВА 87071936593 Ғалия АЛИЕВА 87075853423 Дизайнер: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: 2-20-24 2-13-44	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-інде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 Б. Таралымы 3874 Тапсырыс №309 Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу. Индекс 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі, 78-үй.
--	--	---